

Семей Мемлекеттік
Медицина Университеті



Государственный Медицинский
Университет Семей

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУШІ
ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

СӨЖ

**ОТАНДЫҚ ТЕЛЕМЕДИЦИНАНЫҢ ДАМУ
ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Орындаған: Ахметқали У.Е
Тексерген: Тоқабоева Г.Т
Факультет: ЖМ
Топ: 114

Семей 2017

Жоспары:

1. КІРІСПЕ.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

ТЕЛЕМЕДИЦИНА ҰҒЫМЫ.

ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕМЕДИЦИНАСЫ.

ОТАНДЫҚ ТЕЛЕМЕДИЦИНА
ЖАҢАЛЫҚТАРЫ.

ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕМЕДИЦИНАСЫНЫҢ
БОЛАШАҒЫ .

3. ҚОРЫТЫНДЫ.


4. ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.

On line режиміндегі емші


Қазақстанда телемедицина 2004 ж. «туылды». Ол кезде байланыс арналары ретінде жерүсті беру құралдары, дәлірек айтқанда кабель болды. Бірақ «жерүстіне» кететін шығындардың көп болуына байланысты деректерді спутниктік арналар арқылы беру туралы шешім қабылданды, себебі олар ақпарат трафигі үшін ғана шығынды қажет етеді. Медицинада жоғары технологиялар барлық уақытта болған, оған ешқандай күман жоқ, бірақ деректерді on line және off line режимінде көрсету болған емес. Мысалы, егер қандай да бір алыс елді мекенде әлдекім қатты ауырып қалды делік және оған күттірмейтін көмек керек, ол әрине жақын жердегі аудандық ауруханаға барады. Алайда, мынадай жағдайлар да болады: аурудың белгілері дәрігерлерге таныс емес, және оларға біржақты диагноз қою мүмкін болмайды. Бұндай жағдайларда барлық деректер, анализдер және аурудың түрлі медициналық суреттері аппараттықкешеннің мұрағатына түседі. Бұдан кейін білікті мамандар қолға түскен деректерге қарап, аурудың халі жөнінде қорытынды жасайды. Ал, ары қарай, дәл, сауатты диагноз қойылса, сауатты емдеу де болады. Қазақстан үшін телемедицина өте қажет, өйткені, біздің кең байтақ Қазақстанның бір елді мекенінен екінші бір елді мекеніне жету қаншама көп уақытты алады. Бұндай кездерде уақыт жоғалтудың өзі біреудің өліміне әкеп соғуы мүмкін. Айтып өткеніміздей, телемедицинада медицина мен коммуникация тығыз байланысқан. Бүгінгі таңда қазақстандық телемедицина спутниктік тасымалдаудан кабельді тасымалдауға өту сияқты кері процесс барысында. Оған себеп кабельді арналардың сенімділігі және тиімділігі. Технологиялар алдыңғы қатарлы медицина мамандарының алдын алу шараларына өңірлерге шықпай-ақ қатысуына мүмкіндік бере отырып, кететін шығындарды анағұрлым деңгейде азайтуға жағдай жасайды. Телемедициналық кешенге бейне және аудио ақпараттарды өңдеу блогі, үздіксіз ток беру блогі, бейне-камера, аудиожүйе, кабельдер жинағы кіреді. Кешен ультрасанограф, сканер рентген түсірілім, электрокардиограф, стетоскоп, дермоскоп, офтальмоскоп, сондай-ақ отоскоп емтиханды камера сияқты медициналық жабдықтарға қосылады. Кеңес берумен қатар телемедицина телемәслихаттар мен телеоқытулар жүргізуге мүмкіндік береді. Медиктерге біліктілігін жоғарылату үшін бірнеше километрлерге барудың қажеті болмайды, тек оқыту орталықтарына жиналып, Online режимінде лекциялар курсы тыңдай алады, не жаңадан енгізіліп жатқан инновациялармен таныса алады.

Кіріспе

ЕЛБАСЫМЫЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ҚАЙ ЖОЛДАУЫНДА, ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ АЛҒА ЖЫЛЖУЫНА, ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫ ҮШІН БАРЫНША ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ЖАСАЛУЫНА АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫП КЕЛЕДІ. ӘСІРЕСЕ, «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫНДА ҚАШЫҚТАН, СМАРТ-МЕДИЦИНА, САНИТАРЛЫҚ МЕДИЦИНА, ТЕЛЕМЕДИЦИНА СЫНДЫ ОЗЫҚ ҮЛГІЛІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕЛЕРІН ЕНГІЗІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, МҮМКІНДІГІНШЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРЕ ТҮСУДІ НЫҚТАП ТАПСЫРҒАН ЕДІ. ОСЫ ҚҰЖАТТАМАЛАРДЫ НЕГІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ №176 ЖАРЛЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН «ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ДАМУ ТУДЫҢ 2016-2019 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ДЕНСАУЛЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.



ТЕЛЕМЕДИЦИНА – бір-бірінен қашық орналасқан нысандар арасында (медициналық мекемелер, емделушілер мен дәрігерлер, денсаулық сақтау өкілдері және т.б.) медициналық көмек пен денсаулық сақтау саласындағы қызмет түрлерін көрсету үшін телекоммуникациялық және компьютерлік технологияларды пайдаланатын медицина саласы



НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ: Орналасқан жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының кез келген азаматына өз мерзімінде сапалы медициналық қызмет көрсету болып табылады. Емделушілерге облыстық, қажет болған жағдайда республикалық деңгейдегі білікті дәрігерлердің қашықтықтан кеңес беруі ауруларды уақытылы анықтау және емдеу мәселелерін шешуге жәрдемдеседі.

ТЕЛЕМЕДИЦИНАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЫНАДА:

- АҚПАРАТҚА ОҢАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ;**
- БҰРЫН ҚОЛЖЕТІМСІЗ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
(МЫСАЛЫ, ХАБАР ТАРАТАТЫН ОН-ЛАЙН
ОПЕРАЦИЯЛАР);**
- КӘСІБИЛІК ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ;**
- МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ САПАСЫН
БАҚЫЛАУ;**
- ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ШЫҒЫНДАРЫН
ТӨМЕНДЕТУ.**

**Астанадағы көпбейінді «Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы» («ҰОТҒО»)
Бүйрек, бауыр алмастыру, қатерлі ісіктердің сан түрімен арпалыса жүріп жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті медициналық көмек көрсетіп, медицина ғылымы, білім беру мен практика саласындағы заманауи технологияларды енгізу және таратумен айналысады. Орталықтың іргесі қаланғаннан бері 56 мыңнан астам адам емделіп шығып, 41 мыңдай жедел әрекет ету шаралары, шамамен 11 мыңдай операция жүргізіліпті.**



**2015 ЖЫЛЫ 24970
ТЕЛЕМЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ
БЕЙНЕКЕҢЕСТЕР ӨТКІЗІЛДІ.
ҚАРАҒАНДЫ, ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН, МАҢҒЫСТАУ ЖӘНЕ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ
ТЕЛЕМЕДИЦИНА МҮМКІНДІКТЕРІ
НЕҒҰРЛЫМ ТИІМДІ
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН.
ЕМДЕЛУШІЛЕР АРАСЫНДА
КАРДИОЛОГ, ПУЛЬМОНОЛОГ
ЖӘНЕ НЕВРОЛОГ
МАМАНДАРЫНА СҰРАНЫС КӨП.
ӨТКЕН ЖЫЛЫ ОБЛЫСТЫҚ
АУРУХАНАЛАР МЕН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
КЛИНИКАЛАРДЫҢ КЕҢЕС
БЕРУШІ ДӘРІГЕРЛЕРІ 6298
РЕНТГЕН ТҮСІРІЛІМІН
СИПАТТАП, 4346
ЭЛЕКТРОКАРДИОГРАММАҒА**



Елбасы, біз сізбен біргеміз!




Мемлекеттік «Саламатты Қазақстан» бағдарламасына және Үкіметтің «Кардиология және кардиохирургия қызметін жетілдіру» туралы қаулысына сәйкес, 2009 жылы 20 төсектік кардиохирургия бөлімі, 2011 жылдың қазанында 30 төсектік жедел кардиология .2013 жылы инсульт ауруын емдейтін 30 төсектік нейроинсульттік бөлімшелері ашылды.

1202 адамға коронография жасалды, 424 науқастың жүрек қан тамырларына стенттеу жүргізілді. Жүрек ақауы бойынша әртүрлі 221 операция, 192 аортокоранарлық шунт жасалып, 24 адамға электрокардиостимулятор қойылды. Оның екеуі туа біткен, бесеуі жүре келе пайда болған, төртеуі басқа жүрек ауруларына байланысты.




«ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ КАРДИОХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ




The background is a colorful underwater scene. A computer monitor is positioned in the center, displaying a blue globe. A yellow and black striped fish is swimming in the foreground. A starfish is visible in the bottom left corner. The overall theme is technology and health, with water and bubbles adding a sense of freshness and vitality.

**ҚАЗІРГІ ТАҢДА НТМС ҚҰРАМЫНА 199 ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ НЫСАНЫ КІРЕДІ, АТАП АЙТҚАНДА –
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ, 14 ОБЛЫСТЫҚ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАЛАРЫ, ҚР ДСӘДМ ШЖҚ
«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ОРТАЛЫҒЫ» РМК, 14 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
КЛИНИКАЛАР, 6 МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО ЖӘНЕ
АМДБЖИ (АГИУВ), 14 ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНАЛАР, 140
АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАЛАР, 2 ҚАЛАЛЫҚ
АУРУХАНАЛАР, ШЫМКЕНТ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР
АУРУХАНАСЫ, АТЫРАУ ЖӘНЕ ТАРАЗ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ
2 КАРДИОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ, ӨСКЕМЕН
ҚАЛАСЫНДАҒЫ АНА МЕН БАЛА ОРТАЛЫҒЫ, ҚАЗАЛЫ
АПАТТАР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ТЕМІР ЖОЛ
АУРУХАНАСЫ, КӨКШЕТАУ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ.**



2017 жылы наурызда
Қазақстандық және
оңтүстіккореялық
бизнесмендер елордамыз
Астанада «Қазақстан-Корея»
телемедицина орталығы
ашты

**Орталықтың
телекоммуникациялық жүйесі
желідегі абоненттердің
аудиовизуалды өзара іс-әрекетін
және "FamilyClinic" мамандары мен
шетелдік бейінді мамандардың
пациенттермен, сондай-ақ,
зерттеуге берілетін барлық
құжаттармен бірлескен жұмысын
қамтамасыз етеді.**



Бұл бейнеконференциялық кешеннің құрамына озық құрал-жабдықтармен жарақталған басқару орталығы, жағдаяттық бөлме, зертхана, диагностикалық және рентген-кабинеттер кіреді. "Халықтың денсаулығын қорғау - Мемлекет басшысы белгілеп берген негізгі басымдықтардың бірі, және біздің елімізде медициналық кластер қалыптасып келеді

«FAMILY CLINIC» БАЗАСЫНДА АШЫЛҒАН АСТАНАДАҒЫ ЖАҢА ТЕЛЕМЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ЕМДЕУ-ДИАГНОСТИКА ЖАСАУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР БЕРІП, ОНКОЛОГИЯ, АКУШЕРЛІК, ГИНЕКОЛОГИЯ, НЕОНАТОЛОГИЯ, ОТОЛАРИНГОЛОГИЯ, ЭНДОКРИНОЛОГИЯ, КАРДИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ (ҚАШЫҚТЫҚТАҒЫ МЕДИЦИНА) ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН МЕДИЦИНАНЫҢ БАСҚА ДА САЛАЛАРЫНДА БАСҚАРУШЫЛЫҚ, БІЛІМ БЕРУ, ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ШАРАЛАР ӨТКІЗЕДІ.



**КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР
БОЙЫНША ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ
ЖОСПАРЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
КОНСИЛИУМДАР ӨТКІЗУ
ҮШІН ЕКІНШІ ДИАГНОЗ
ПРОБЛЕМАСЫН ШЕШУ
МАҚСАТЫНДА (ЕКІНШІ
САРАПШЫЛЫҚ ПІКІР)
ҚАШЫҚТЫҚТАН БЕРІЛЕТІН
БЕЙНЕКОНСУЛЬТАЦИЯ
«FAMILYCLINIC» ЖӘНЕ
КОРЕЯДАҒЫ ӨРІПТЕС-
ЕМХАНАНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК
ӘЛЕУЕТІН ПАЙДАЛАНУ
АРҚЫЛЫ ЖҮЙЕЛІ НЕГІЗДЕ
ӨТКІЗІЛІП ТҰРАДЫ.**



**БҰЛ ТӨСЕК-ОРЫН ҚОРЫН
АЗАЙТУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕМДЕУ-
ДИАГНОСТИКА ЖАСАУ
ПРОЦЕСІН ЖЕДЕЛДЕТЕ
ОТЫРЫП, ҚАШЫҚТЫҚТАН
ХАЛЫҚҚА ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ
КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ МҮМКІНДІК
БЕРЕДІ.**

**БОЛАШАҚТА
ТЕЛЕМЕДИЦИНАЛЫҚ
ОРТАЛЫҚТА КОРЕЯ, ГЕРМАНИЯ,
ИЗРАИЛЬ ЖӘНЕ БАСҚА
ЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ОРТАЛЫҚТАРЫМЕН
БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯЛАР
ӨТКІЗУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.**



ҚОРЫТЫНДЫ

XXI ғасыр дамыған, өркендеген жаңа ақпараттық технологиялар мен компьютер заманы. Соның ішінде денсаулық саласын ақпараттандыру, жаңа технологиялармен қамтамасыз ету, заманауи техникамен жабдықтау бұл үлкен іс. Осы орайда елімізде кең етек жайған телемедицина саласы қарқындап дамып келеді. Осы жоба барысында республика аумағында біршама істер проекттар жүзеге асырылып жатыр. Еліміздің түкпір-түкпірінде денсаулық сақтау нысандары бой көтеріп ел игілігіне берілуде. Телемедицина саласы болашақта да дамып қарыштамақ. 2050 жылы еліміз алпауыт 30 елдің қатарына қосылмақ. Дамыған елдің медицинасында да мін болмауы керек деп білемін.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақпараттық технологиялар.
Алматы 2011. 134 -136 беттер
2. «Телемедицина третьего поколения в третьем тысячелетии» книга «Наука и жизнь»
3. Интернет желісі
«Google» Яндекс
4. «Телемедицина ждет своих пользователей» Российский медицинский журнал

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ**

